

## Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 мамырда № 8483 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 27.10.2021 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы алаңы 2,4174 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК